

ТҮСТІҢ ДИЗАЙНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІМЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**Ералы Эльмира Әнуарбекқызы**

yeraly_ea@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика»
кафедрасының аға оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Кез-келген адамның айналасында түстің бірге жүретіні белгілі. Қоршаған ортадағы түс, реңк, жарық – барлығы адамға психологиялық жағынан әсер етеді. Түсті қалыпты көру қабілеті бар адамдардың визуалды әлемі түрлі түсті реңктермен қаныққан. Адам 7 миллионға жуық түрлі-түсті реңктерді байқап ажырата алады екен. Адамның визуалды жүйесі толқын ұзындығы 380-нен 720 нанометрге дейінгі электромагниттік тербелістерге сезімтал келеді. Түс адамдардың көңіл-күйіне, эмоциясына әсер етеді.

Түстерді зерттеу барысында заттар мен құбылыстар сипатына қолданылатын атауларда олардың тереңінде жатқан тарихи-мәдени анықтамалары толығымен ескерілмей жатады. Дегенмен, осы уақытқа дейін бірталай ғалымдардың зерттеулерінен – негізгі, қосымша, қосалқы, күрделі, ашық, қанық, басқа да түстер қасиетіне жатқызылатын ерекшеліктері қалыптасқан. Зерттеулер нәтижесінде анықталған Ньютонның түстік спектрінде қызыл, қызғылсары, сары, жасыл, көгілдір, көк және күлгін түстер кездеседі. Табиғатта да кездесетін осы негізгі түстер – түстік дисперсия құбылысында анықталып кеткен [1].

Біздің түстер туралы беретін анықтамаларымызда және оларды қолдану барысында түстерді екі топқа бөліп қарастырамыз: бұл хроматикалық және ахроматикалық түстер қатары. Ахроматикалық түстерге ақ, қара және екеуінің қосындысынан түзілген барлық сұр түстер жатқызылса, хроматикалық түстерге спектрдің барлық түстері мен олардың реңктері жатқызылады. Осы хроматикалық түстерді түзетін негізгі 3 түсті И. Иттеннің зерттеулерінен қарастырып кесе болады. Себебі, өз жұмыстарында әр түрлі принциптер мен тәсілдерді ұғынуға тырысқан Иттен, ежелгі дәуірден бастап өз замандастары мен серіктестеріне дейінгі батыс және шығыс шеберлерінің мысалдарын басшылыққа алатын. Иттен өз тұжырымдарын Ньютон, Гете, Рунге, Шеврель, Гельмгольц, Бецольд, Оствальд, Хельцель және басқалардың қарастырып шыққан жарықтың физикалық табиғаты, пигменттер мен бояғыштар химиясы, түс әсерінің физиологиялық және психологиялық аспектілері тәрізді зерттелген тәжірибелеріне сүйене отырып жасаған. Иттен өзінің теориясын бұрын табылған заңдылықтарды біріктіріп, олардың түсінігін делдалдау арқылы құрған. Ол түстік шеңбердің құралын жаңарту арқылы қосымша түстердің функциялары мен түстердің қарама-қайшылықтары туралы түсінікті кеңейтті. Иттеннің бұл зерттеулерінің нәтижесі, оның 12 түсті түстік шеңбері әлем бойынша барлық дизайнерлердің шпаргалкасына айналды [2].

Түстің дизайндағы қызметі мен маңыздылығы, дизайндағы функциялары, түстің пішіндік қасиеттері, заттың қасиеттеріне байланысты түстерді қабылдау – осылардың барлығын біз қоршаған айналамызға түстерді комбинациялау арқылы түсініп, қабылдай аламыз, ал түстерді дұрыс түзу үшін біз түстік шеңбердің көмегіне жүгінеміз. Өйткені, И. Иттеннің өзі түсіндіріп кеткендей, оның жазып кеткен түстер туралы курсы болашақ суретшілердің санасын жеке гамманың таза реттелуіне ешқандай қатысы жоқ бөтен кедергілердің бұғауынан (түс құбылысын психофизиологиялық қабылдаудың салдары мен бөліктері ретінде қарастырғанда) және үйлесімділіктің объективті заңдарына сәйкес келетін композициялық артықшылықтардан босатуға арналған. Яғни, ол суретшілердің шығармаға мағыналықты нерративтілік, баяндау арқылы емес, түс пен формалар арқылы мән берулерін қалаған.

Адамның ішкі болмысымен байланысты белгілі бір мағынаға ие болуы үшін форма мен түстің маңыздылығын Баухаус мектебінің негізін қалаушы В. Гропиус та атап өткен. Композицияның бұл элементтері бейнені құрудың негізгі құралы болып табылады. Түс –

кеңістік пен көлеммен, пропорциялар мен масштабпен және тектоникамен қатар кеңістіктегі өнер түрлерінің, оның ішінде негізінен сәулет пен дизайнның көркемдік бейнелеу құралы болып табылады. Түсті өнер мен дизайн саласына енгізгені үшін И. Иттен мен В. Кандинскийге, Л. Попова мен А. Веснинге қарыздармыз, олар түстерді пішіннің ажырамас категориясы ретінде өткен ғасырдың бірінші жартысында анықтаған [3].

Дизайндағы пішін – бұл барлық кездесетін қасиеттер, яғни заттар дизайны, сыртқы түрі, түсі, құрылымы, технологиялық орындылығы және тағы сондай өзара байланысты бірлігіне қол жеткізу үшін дизайнердің қызметі нәтижесінде пайда болатын нысандардың арнайы құралдары. Суретшілер, сәулетшілер, дизайнерлердің әрекеттеріндегі мәдениеттің жалпы құндылықтық қатынастарына және болашақ нысанның эстетикалық мәнерлілігімен байланысты белгілі бір талаптарға сәйкес пішінді құру процестері, олардың қызметтері, құрылымы және қолданылатын материалдарының барлығы пішін қалыптастырады. Көркем дизайндағы пішін құрылымдау – оның құрылымы мен орналасуымен, өндіріс технологиясымен, сондай-ақ дизайнердің эстетикалық тұжырымдамасымен анықталатын бұйым элементтерінің кеңістіктегі ұйымдастырылуын қамтып жатады.

Түс – кез-келген салаға арналған дизайнның маңызды аспектілерінің бірі. Дизайндағы түстерді түсіну ол тек қана қалыптасқан ережелер ғана емес, сонымен бірге белгілі бір көңіл-күйді немесе алыс оқиғалардың естеліктерін тудыру. Түстер көңіл-күйді көтеріп, стрессті жеңілдетіп, жақсы сезімдер қалыптастыруға да көмектеседі. Ертеректе суретшілер ақ түстің жеті тонға ыдырау жүйесін қолданса, бүгінгі таңда дизайнерлер жетілдірілген құрылымды – жылы және суық реңктердің диаграммасын қолданады. Бұл жерде дизайнерлер түстердің хроматикалық пен ахроматикалық және басқа да негізгі анықтамаларымен қатар, *жылытүстермен салқын түстер* сияқты қасиеттерін бөліп қолданатынына тоқтала кетуге болады. Салқын түстер туралы айтсақ, олар көгілдір, ашық күлгін және жасылмен сипатталады. Түс спектрінің салқын реңктері салқындық сезімін оятуға, эмоцияны тыныштандыруға және ойды реттеуге қабілетті келеді. Мысалы, психологтар стресстік жағдайларда көгілдір түс адамның эмоционалдық жағдайына оң әсер етуі мүмкін деп санайды. Қысқы, яғни суық түстер палитрасында психологиялық релаксация және жинақталған ойларды ретке келтіру тезірек жүреді, бұл мидың жұмысына және адамның жүйке жүйесінің күйіне оң әсерін береді. Қызғылт сары, қызыл, сары және осыған ұқсас түстердің комбинациялары болса жылы түстерге жатқызылады. Бұл түсініктер дизайнға қатысы бар жарнама, сәулет, сән, басқа да көптеген өнермен қоса ғылыми салаларда қолданыс тапқан. Түстерді бөлудің мұндай жүйесі өнердегі, соның ішінде дизайндығы жылы немесе суық көңіл-күйді дәлірек жеткізуге мүмкіндік береді.

Жарнама дизайндығы түс – бұл визуалды материалдардың бірі. Ол тұтынушылардың жарнамаға деген көзқарастарын белгілі бір түсті таңдау арқылы басқаруға көмектесетін, жарнама арқылы тұтынушыда қажетті эмоцияларды тудыратын басты құралы болып қалыптасқан. Түстің жарнамада орындайтын функциялары да көп. Солардың негізгілері ретінде оқырмандардың назарын аудару, тауарлар мен қызметтердің мәнін түсінуге ықпал ету, жарнамаға жағымды көзқарас қалыптастыру, жарнаманың есте сақталу қабілетін арттыру, жарнаманың кейбір компоненттерін бөліп, тауарлар мен қызметтердің белгілі бір қасиеттерін атап көрсетуге бағытталған қасиеттерін тізіп шығуға болады.

Түрлі-түсті жарнамалар, соның ішінде қарапайым қолмен жазылған жарнама, ақ пен қарадан гөрі көбірек назар аудартады, себебі түс жарнамаланатын өнімнің немесе қызметтің мәнін түсінуге тиімді ықпал етеді. Түс адамның эмоционалды жағдайына байланысты реакциясын тудырып қана қоймайды, сонымен қатар оның эмоцияларына **да әсер етеді**. Баспа өнімдерін басып шығарудағы түстердің көрінісін қарастырса, бұл нағыз өнер екенін байқауға болады. Мысалы монитор экранында көретін түстерімізжі қағаз бетіне басып шығару кезінде түстер сәйкес келмей жатады, өйткені бұл дизайнның саласында түс беру ұғымы бөлек. Полиграфиялық өнімнің макеттері қағазға түскеннен кейін түсінің бұрмалануын болдырмайтын белгілі бір форматта дайындалу ережелері бар. Сондықтан,

басып шығарудағы түстер кемпіркосақтың қарапайым түстерінен өзгеше екенін ескеру жөн. Жарнамадағы түстер қасиетін тізе берсек түстің жарнамадағы басқаратын рөлі сан алуан.

Сәулет композициясындағы түстің рөліне көшсек, пішін мен кеңістікті бөлшектеуге немесе біріктіруге, ондағы негізгі элементтерді бөліп көрсетуге және қосалқы кеңістік элементтер қатынастарын бейтараптандыруға, қозғалыс бағытын анықтауға, интерьердің тектоникалық құрылымына баса назар аударуға және басқа да сол тәрізді құбылыстардың барлығы түске байланысты жүргізілетінін ерекшелеп кетсе болады. Түс интерьердің көркемдік бейнесіне байланысты қарастырылады.

Өйткені түс белсенді ақпарат тасымалдаушысы, басқа факторларға қарағанда ол нысанның қасиеті туралы хабарлайды. Интерьердегі оңтайлы түстер туралы айтсақ, бұл жерде артықшылық күрделі, бейтарап түстерге жақын немесе қарама-қарсы комбинацияларға, яғни жылы-суық гаммаларға беріледі. Интерьердегі негізгі және қосымша түстерді таңдағанда түсті шеңберді қолданған ыңғайлы екенін еске түсіре кетуге болады. Дизайнерлер мен суретшілер өз жұмыстарын орандағанда оны белсенді қолданатыны анық.

Түстермен қатар текстура мен фактуралар ерекшелігін атап кету маңызды. Түстің дизайндағы қызметі мен маңыздылығын айқындай түсетін дәл осы қасиеттер.

Дизайндағы жасалатын бұйымдарда кездесетін бұл ерекшеліктер материалдардың сәндік-көркемдік қасиеттерімен анықталады. Текстура мен фактура заттардың визуалды қабылдау ерекшеліктерін қолдана отырып, көптеген композициялық және көркемдік мәселелерді шешуге көмектеседі. Мысалы түс, пішін, құрылым, жарықтандыру, сәндік қасиеттер және визуалды қабылдау секілді текстура мен фактуралардың қасиеттері суретші-дизайнерлердің кеңістікті иллюзиялық түрде түрлендіріп, кеңістікті кеңейтіп немесе қысқартып, құрылымдарды ауырлатып немесе жеңілдетеді алады.

Түстің дизайндағы ең жиі қолданылып, күнделікті өмірде кездесетін ортасы бұл – сән саласы. Біздің көпшілігіміз саналы ма, бейсаналы қалыпта ма өзіміздің табиғи түсімізге, яғни теріміздің, көзіміз бен шашымыздың түсіне сәйкес келетін киімдерді таңдаймыз. Иоханнес Иттен өз зерттеулерінде адамдарды олардың табиғи түсі мен жыл мезгілдеріне қарай көктем, жаз, күз, қыс деп санаттарға бөлген. Көктемгі адамдардың терісі көбіне қызғылтым немесе піл сүйегінің реңіне жақын және көздері көк немесе жасыл, ал шаштары алтын-сары немесе қоңыр болады.

Мұндай адамдарға ашық, бозғылт реңкті киімдер, мысалы, қызғылт, шабдалы, лимон, кілегей және ашық жасыл түстер сәйкес келеді. Жаз адамдарында терісі ақшыл, көбінесе қызғылт. Көздері ашық көк немесе сұр болады, шаштары қоңырқай, сондықтан оларға көбіне көк және қызғылт түсті киімдер сәйкес келеді.

Күз адамдарының бояуы күздің түстеріне ұқсас – қызыл, қоңыр және алтын болады. Олардың терісінің түсі әдетте алтын, сарғыш және қола түстес келеді және жүздерінде сепкілдері барлар да кездеседі. Олардың көздері жасыл немесе қоңыр, ал шаштары қызыл немесе қоңырқай реңктермен жарқырайды.

Мұндай типтегі адамдарға сарғыш, сары және қызыл, сарғыш қоңыр түсті күзгі киімдер киген жарасады. Қысқы адамдардың көпшілігінде терілері зәйтүн немесе қара-торы реңкті, көздерінде әр түрлі қоңырдың түстері бар. Олардың шаштары әдетте қоңыр немесе қара болады. Мұндай типтегі адамдар қызыл, жасыл немесе күлгін сияқты қанық, сезімді түстермен жақсы көрінеді [2].

Үйлесімділік – бұл шынайылықты көркем-эстетикалық ұйымдастыруды және түстерді қабылдауының дамуын түсінудің әмбебап құралы. Түс пәндік-кеңістіктік қатынастарды реттейді және дизайндағы үйлесімділік туралы түстің негізгі ерекшеліктерін дамытуға бағыттайды.

Сондықтан түстану дизайнерлердің кәсіби дайындығында маңызды рөл атқарады. Өйткені оларда игеру процесінде тек колористикалық қабілеттер ғана емес, сонымен бірге зияткерлік, аналитикалық және эмоционалды-логикалық ойлау да тиімді дамиды деп анық айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вавилов, С. И. Исаак Ньютон: [1643-1727]. –Москва.:Ленинград, 1945.
2. Иттен Иоханнес. Искусство цвета. — М.: Издатель Д. Аронов, 2000.
3. Азизян И.А. Цвет – Культура – Цветовая культура. Техническая эстетика, 1981.